

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ  
Дербес аудиторлардың есебімен бірге  
31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін  
қаржылық есептілік**

**Мазмұны**

|   |    |
|---|----|
| 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындағаны және бекіткені үшін жауапкершілік туралы басшылықтың растауы ..... | 3  |
| ДЕРБЕС АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ .....  | 4  |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП .....   | 7  |
| ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП .....   | 8  |
| ҚАРАЖАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП .....  | 9  |
| 31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРТУЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП .....  | 11 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР.....   | 12 |

31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындағаны және бекіткені үшін жауапкершілік туралы басшылықтың растауы

Дербес аудитордың ұсынылған қорытындысымен бірге қарастырылуы тиіс төменде келтірілген мәлімдеме «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты басшылықтың және аудитордың жауапкершілігін жіктеу мақсатында жасалды.

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес Компанияның 31 желтоқсан 2016 жылғы жағдай бойынша қаржылық жағдайын барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау, сондай-ақ, оның қызметінің нәтижелері, қаражат құралдарының қозғалысы және дәл сол күні аяқталған жылда меншікті капиталдағы өзгерістер үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық төмендегілер үшін жауапты болады:

- сәйкесінше есеп жүргізу саясатын таңдау және қолдану;
- есеп жүргізу саясаты туралы ақпаратты қоса алғанда лайықты, сенімді, салыстырмалы және түсінікті ақпаратты ұсыну;
- ҚЕХС талаптарын сақтау немесе қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ҚЕХС барлық елеулі ауытқуларын ашу;
- Үздіксіз түрде жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде Компанияның жұмысты жалғастыру қабілеттілігін бағалау.

Компанияның Басшылығы төмендегілер үшін жауапты болады:

- әзірлеу, ендіру және Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесінің жұмыс жасауын қамтамасыз ету;
- Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез-келген сәтте дәлдіктің жеткілікті деңгейімен дайындауға және қаржылық есептіліктің ҚЕХС талаптарына сай келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚЕХС сәйкес жүргізу;
- Компания активтерінің сақтандығын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шараларды қабылдау;
- арам әрекеттерді және басқа бұзушылықтарды анықтау және болдырмау.

Қоса тіркеліп отырған 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік Компанияның басшылығымен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген:

А.М. Ермагамбетов  
Басқарма төрағасы

Д.М. Сахипов  
Басқарма төрағасының орынбасары

Легкая  
есепші

Астана қ., Қазақстан Республикасы



Тел.: +7 727 331 31 34  
Факс: +7 727 331 31 35  
info@bdokz.com  
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"  
ул. Габдуллина, 6  
Алматы, Казахстан  
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34  
Fax: +7 727 331 31 35  
info@bdokz.com  
www.bdokz.com

BDO Kazakhstan LLP  
6 Gabdullin Street  
Almaty, Kazakhstan  
A15H4E3

## ДЕРБЕС АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

---

### «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНА ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҒЫНА

#### Пікір

Біз «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») 31 желтоқсан 2016 жылғы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есебінен, жиынтық табысы туралы есебінен, капиталдағы өзгерістер туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жылда қаражат құралдарының қозғалысы туралы есебінен, сондай-ақ, есеп жүргізу саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуын қоса алғанда қаржылық есептіліктің ескертпелерінен құралған, қоса беріліп отырған қаржылық есептілігінің аудитін өткіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Компанияның 31 желтоқсан 2016 жылғы жағдай бойынша қаржылық жағдайын барлық елеулі аспектілерде, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес оның қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жылда қаражат құралдарының қозғалысын шынайы көрсетеді.

#### Пікір білдірудің негіздемесі

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес аудит өткіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттер бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша Кеңестің (БХӘСК Кодексі) және біздің Қазақстандағы қаржылық есептілікке аудитімізге қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияның Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне қатысты тәуелді емеспіз, және біз осы талаптарға және БХӘСК Кодексіне сәйкес басқа этикалық міндеттерді орындадық. Біздің пікіріміз бойынша алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және тиісті, пікірімізді білдіру үшін қызмет етуге арналған негіздеме болып табылады.

#### Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Компанияның Басшылығы осы қаржылық есептілікті және басшылық арам әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін ҚЕХС сәйкес дайындау және шынайы көрсету үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Компанияны таратып жіберуге, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген кездегі немесе таратып жіберуді немесе қызметті тоқтатуды қоспағанда, онда қандай да бір басқа нақты балама жоқ болған кездегі жағдайларды қоспағанда, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің сәйкесінше жағдайларында ашу үшін, және қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті құру үшін жауапты болады.

Товарищество с ограниченной ответственностью "BDO Kazakhstan", зарегистрированное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, является участником международного объединения BDO International Limited, британского общества с ответственностью, ограниченной гарантией его участников, и является частью международной сети независимых компаний BDO.

BDO Kazakhstan, a limited liability partnership, registered under the laws of the Republic of Kazakhstan, is a member of BDO International Limited, a UK company limited by guarantee, and forms part of the International BDO network of independent member firms.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігінің дайындығын қадағалау үшін жауапты.

#### **Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік арам әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтындығының, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенімділігін алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес өткізілген аудиттің кепілдігі болып табылмайды, олар бар болған жағдайда елеулі бұрмалауларды әрдайым анықтайды. Бұрмалаулар арам әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және елеулі болып саналады, егер негізделген түрде жорамал жасауға болса, бөлек алғанда немесе жиынтықта олар пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес өткізілетін аудит шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- Қаржылық есептіліктің арам әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалауларының тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды әзірлейміз және өткіземіз; жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді, біздің пікірімізді білдіру үшін қызмет етудің негіздемесін аламыз. Арам әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі арам әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана өткізіп алу, ақпаратты бұрмаландырып көрсетуді немесе ішкі бақылау жүйесінен айналып өтіп әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Мән-жайларға сай келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп жүргізу саясатының орынды сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың және басшылықпен дайындалған ақпаратты сәйкесінше ашудың негізділігін бағалаймыз;
- Басшылықпен қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде - оқиғаларға немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды, олардың нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігіне қатысты айтарлықтай күмәндар туындауы мүмкін. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз біздің қаржылық есептілікте ақпараттың сәйкесінше ашылуына аудиторлық қорытындымызға назарын аударту қажет немесе, егер осындай ақпаратты ашу орынды емес болса, пікірімізді жетілдіру қажет. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық қорытындымыздың күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның өз қызметін үздіксіз түрде жалғастыру қабілеттілігін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- Жалпы алғанда ақпараттың ашылуын, сондай-ақ, қаржылық есептілік оның негізінде жатқан амалдардың және оқиғалардың шынайы көрінісін қамтамасыз етуін қоса алғанда қаржылық есептіліктің ұғымдарын, оның құрылымын және құрамын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз, олардың назарына басқасын қоспағанда аудиттің жоспарланған көлемі және мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, соның ішінде біз аудиттің барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біз дербестікке қатысты барлық сәйкесінше этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз және оларға барлық өзара қатынастар және аудитордың дербестігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын басқа да мәселелер туралы, және қажет болған жағдайда - сәйкесінше сақтық шаралары туралы хабарладық.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы мерзімде қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болғандарды және сәйкесінше негізгі болып табылатындарды анықтаймыз. Біз аудиторлық қорытындымызда осындай ақпаратты көпшілік алдында ашу заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған, немесе өте сирек жағдайларда біз осындай ақпаратқа қатысты теріс салдарлар оны хабарлаудан қоғамдық маңызы зор пайдадан асып түседі деген қорытындыға келетін жағдайларды қоспағанда осы мәселелермен байланысты ақпаратты ашамайз.



Аудитор Таипова

№0000497 Аудитордың білікті куәлігі 2008 жылдың 18 қаңтардан бастап.

ҚР Аудиторларды аттестациялау жөніндегі  
біліктілік комиссиясы берген

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің 19 ақпан 2015 жылғы аудиторлық қызметпен айналысуға қатысты №15003448 мемлекеттік лицензиясы

Директор Т. А. Омаров

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

Бостандық ауданы, Габдуллин көшесі, 6-үй

14 сәуір 2017 жыл

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Мәселенің атауы                                 | Ескертпе | 31 желтоқсанда    |                   |
|---|----------|-------------------|-------------------|
|   |          | 2016              | 2015              |
| <b>Активтер</b>                                 |          |                   |                   |
| <b>Қысқа мерзімді активтер</b>                  |          |                   |                   |
| Қаражат құралдары мен олардың баламалары        | 5        | 77,632            | 85,247            |
| Банк салымдары                                  | 6        | 5,542,838         | 3,445,404         |
| Басқа да ағымдағы активтер                      | 7        | 342,005           | 208,000           |
| Басқа да ағымдағы қаржылық активтер             | 8        | 98,814            | 67,601            |
| Берілген алдын ала төлемдер                     |          | 1,084             | 6,258             |
| Басқа салықтар бойынша алдын ала төлемдер       |          | 26,456            | 22,038            |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем            |          | 43,326            | 2,023             |
| Саудалық дебиторлық берешек                     | 9        | 61,477            | 4,861,870         |
| Тауарлық-материалдық қорлар                     | 10       | 58,387            | 64,957            |
| <b>Қысқа мерзімді активтер барлығы</b>          |          | <b>6,252,019</b>  | <b>8,763,398</b>  |
| <b>Ұзақ мерзімді активтер</b>                   |          |                   |                   |
| Болашақ кезеңдердің шығындары                   | 11       | -                 | 49,952            |
| Материалдық емес активтер                       | 12       | 475,549           | 412,888           |
| Негізгі құралдар                                | 13       | 4,503,428         | 5,102,405         |
| Ұзақ мерзімді саудалық дебиторлық берешек       | 9        | -                 | 175               |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер                 |          | -                 | 3,981             |
| <b>Ұзақ мерзімді активтер барлығы</b>           |          | <b>4,978,977</b>  | <b>5,569,401</b>  |
| <b>Барлығы активтер</b>                         |          | <b>11,230,996</b> | <b>14,332,799</b> |
| <b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>             |          |                   |                   |
| Сауда кредиторлық берешек                       | 14       | 1,219,683         | 5,014,951         |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер           | 15       | 37,151            | 40,521            |
| Төленуге тиіс ҚҚС                               |          | 132,697           | 382,134           |
| Қызметкерлер алдындағы берешек                  | 16       | 226,488           | 239,494           |
| Алынған аванстар                                |          | 16,184            | 14,975            |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер                 | 17       | 101,574           | 85,883            |
| <b>Барлығы қысқа мерзімді міндеттемелер</b>     |          | <b>1,733,777</b>  | <b>5,777,958</b>  |
| <b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>              |          |                   |                   |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 18       | 241,922           | 209,744           |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер           | 15       | -                 | 37,151            |
| <b>Барлығы міндеттемелер</b>                    |          | <b>241,922</b>    | <b>246,895</b>    |
| <b>Капитал</b>                                  |          |                   |                   |
| Жарғылық капитал                                | 19       | 5,082,490         | 5,082,490         |
| Резервтік капитал                               | 19       | 91,511            | 91,511            |
| Белінбеген пайда                                |          | 4,081,296         | 3,133,945         |
| <b>Барлығы капитал</b>                          |          | <b>9,255,297</b>  | <b>8,307,946</b>  |
| <b>Барлығы міндеттемелер және капитал</b>       |          | <b>11,230,996</b> | <b>14,332,799</b> |


Компанияның басшылығымен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген Қоса тіркеліп отырған 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жылдың қаржылық есептілігі.

Есеп саясаты және ескертпелер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

А.М. Ермагамбетов  
Басқарма төрағасы

Л.Н. Легкая  
Бас есепші

Д.М. Сахипов  
Басқарма төрағасының орынбасары



*(Handwritten signatures and notes at the bottom of the page)*

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП


| Мәселенің атауы                                  | Ескертпе | 31 желтоқсан күні аяқталған жыл үшін |             |
|--|----------|--------------------------------------|-------------|
|  |          | 2016                                 | 2015        |
| Тауарларды және қызметтерді сатудан түскен табыс | 20       | 9,583,431                            | 10,532,812  |
| Сатылған тауарлардың және қызметтердің өз құны   | 21       | (7,360,400)                          | (8,639,699) |
| Жалпы пайда                                      |          | 2,223,031                            | 1,893,113   |
| Өткізуге жұмсалған шығыстар                      | 22       | (13,787)                             | (24,199)    |
| Әкімшілік шығындар                               | 23       | (616,323)                            | (741,809)   |
| Басқа да табыстар                                | 24       | 8,940                                | 17,196      |
| Басқа шығындар                                   |          | (39,864)                             | (12,436)    |
| Операциялық пайда                                |          | 1,561,997                            | 1,131,865   |
| Айырбас айырмашылығы, таза                       |          | (405)                                | 88,577      |
| Қаржылық табыстар                                |          | 399,492                              | 144,567     |
| Қаржылық шығындар                                |          | (3,516)                              | (6,117)     |
| Салық салғанға дейінгі пайда                     |          | 1,957,568                            | 1,358,892   |
| Табыс салығы бойынша шығыстар                    | 25       | (410,217)                            | (295,957)   |
| Жыл ішіндегі пайда / (шығын)                     |          | 1,547,351                            | 1,062,935   |
| Басқа жиынтық жылдық табыс                       |          |                                      |             |
| Жылдық жиынтық кіріс / (шығын)                   |          | 1,547,351                            | 1,062,935   |

Компанияның басшылығымен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген, қоса тіркеліп отырған 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жылдың қаржылық есептілігі.

Есеп саясаты және ескертпелер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады

А.М. Ермагамбетов  
Басқарма төрағасы

Д.М. Сахипов  
Басқарма төрағасының орынбасары



М.М. Легкая  
Есепші

*(Сахипов Д.М.)* *(Легкая М.М.)*



**ҚАРАЖАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| Мәселенің атауы   | Ескертпе | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін |                    |
|---|----------|-----------------------------------|--------------------|
|   |          | 2016                              | 2015               |
| Операциялық қызметтен түскен қаражат құралдарының қозғалысы                                       |          |                                   |                    |
| Салық салғанға дейінгі пайда қатысты түзетулер  |          | 1,957,568                         | 1,358,892          |
| Тозу және өтемпұл   |          | 951,058                           | 888,256            |
| Болашақ кезеңдердің шығындарын өтеу   |          | 297,144                           | 356,661            |
| Пайдаланылмаған демалыс, сыйлықақылар және олармен байланысты салықтар бойынша резервті есептеу   |          | 187,943                           | 208,449            |
| Күмәнді дебиторлық берешек және берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу         |          | 331                               | -                  |
| Өтімсіз қорлар бойынша резервті есептеу   |          | 9,927                             | 15,677             |
| Өтімсіз қорлар бойынша резервті есептен шығару  |          | (4,863)                           | (765)              |
| Қаржылық шығындар   |          | 3,516                             | 6,117              |
| Қаржылық табыстар   |          | (399,492)                         | (144,567)          |
| Материалдық емес активтерді және негізгі құралдарды есептен шығару                                |          | 13,974                            | 26,720             |
| Бағам айырмасы  |          | -                                 | (86,623)           |
| Басқа түзетулер   |          | (1,608)                           | 7,800              |
|   |          | <b>3,015,498</b>                  | <b>2,636,617</b>   |
| Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгертулер  |          | 1,505                             | 19,241             |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешектегі өзгерту   |          | 4,800,237                         | 4,841,556          |
| Басқа салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгертулер   |          | (2,392)                           | (9,341)            |
| Берілген аванстардағы өзгертулер  |          | 5,174                             | 3,789              |
| Басқа да ағымдағы қаржы активтеріндегі, басқа ұзақ мерзімді және ағымдағы активтердегі өзгертулер |          | (419,203)                         | 9,347              |
| Төленуге тиіс ҚҚС өзгертулер  |          | (249,437)                         | 257,016            |
| Кредиторлық берешектегі өзгерту   |          | (3,812,027)                       | (4,547,052)        |
| Қызметкерлер алдындағы міндеттемелердегі өзгерту  |          | (200,949)                         | (184,604)          |
| Басқа қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерту  |          | 16,900                            | (59,452)           |
|   |          | <b>3,155,306</b>                  | <b>2,967,117</b>   |
| Төленген табыс салығы   |          | (421,391)                         | (95,399)           |
| Алынған сыйақы  |          | 399,492                           | 226,503            |
| Төленген сыйақы   |          | (5,201)                           | (7,801)            |
| <b>Операциялық қызметтен түскен қаражат құралдарының таза сомасы</b>                              |          | <b>3,128,206</b>                  | <b>3,090,420</b>   |
| Еншілес компанияның жарғылық капиталына жарна   |          |                                   |                    |
| Өтеу мерзімі үш айдан асатын банк салымдары   |          | (9,945,002)                       | (8,635,473)        |
| Банк салымдарын алып қою  |          | 7,856,400                         | 7,530,863          |
| Материалдық емес активтерді сатып алу   |          | (276,280)                         | (7,311)            |
| Болашақ кезеңдердегі шығындар бойынша шығыстар  |          | -                                 | -                  |
| Әзірлеулерге жұмсалатын шығындар  |          | (1,200)                           | -                  |
| Негізгі құралдарды сатып алу  |          | (132,868)                         | (1,600,732)        |
| Қызметкерлерге берілген қарыздарды өтеу   |          | 732                               | 4,747              |
| <b>Инвестициялық қызметтен түскен қаражат құралдарының таза сомасы</b>                            |          | <b>(2,498,218)</b>                | <b>(2,707,906)</b> |
| Төленген дивидендтер  |          | (600,000)                         | (600,000)          |
| Акцияларды шығару   |          |                                   |                    |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді төлеу   |          | (37,151)                          | (37,151)           |
| <b>Қаржылық қызметтен түскен қаражат құралдарының таза сомасы</b>                                 |          | <b>(637,151)</b>                  | <b>(637,151)</b>   |
| Қаражат құралдарын арттыру +/- азайту   |          | (7,163)                           | (254,637)          |
| Теңгемен валюталардың айырбас бағамдарының әсері  |          | (452)                             | 5,645              |
| <b>Қаражат құралдары мен олардың баламалары:</b>  |          |                                   |                    |
| есепті кезеңнің басында   |          | 85,247                            | 334,239            |
| есепті кезеңнің соңында   |          | 77,632                            | 85,247             |


**ЕЛЕУЛІ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР - ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ**


Келесі ақшалай емес елеулі операциялар қаражат құралдарының қозғалысы туралы есептен шығарылған болатын:

2016 жылы негізгі құралдарды сатып алулар негізгі құралдарды 16,759 мың теңге (2015 жыл - 1,033,896 мың теңге) сомасына сатып алу бойынша кредиторлық берешекті арттыруға түзетілді.


Компанияның басшылығымен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін қоса тіркеліп отырған қаржылық есептілік.



Есеп саясаты және ескертпелер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады

  
А.М. Ермагамбетов  
Басқарма төрағасы

  
Л.Н. Легкая  
Бас есепші

  
Д.М. Сахипов  
Басқарма төрағасының орынбасары



 (Sengulova A.A.)  (Legkaya L.N.)

31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРТУЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП


| Компоненттерінің атаулары                     | Жарғылық капитал | Резервтік капитал | Бөлінбеген пайда | Барлығы капитал |
|---|------------------|-------------------|------------------|-----------------|
| 01 қаңтар 2015 жылғы жағдай бойынша сальдо    | 5,082,490        | 91,511            | 2,671,010        | 7,845,011       |
| Жылдық жиынтық табыс                          |                  |                   | 1,062,935        | 1,062,935       |
| Дивидендтерді бөлу                            |                  |                   | (600,000)        | (600,000)       |
| Акцияларды шығару (ескертпе18)                |                  |                   |                  |                 |
| 01 қаңтар 2016 жылғы жағдай бойынша сальдо    | 5,082,490        | 91,511            | 3,133,945        | 8,307,946       |
| Ағымдағы жылдың жиынтық табысы                |                  |                   | 1,547,351        | 1,547,351       |
| Дивидендтерді бөлу                            |                  |                   | (600,000)        | (600,000)       |
| Акцияларды шығару (ескертпе18)                |                  |                   |                  |                 |
| 31 желтоқсан 2016 жылғы жағдай бойынша сальдо | 5,082,490        | 91,511            | 4,081,296        | 9,255,297       |

Компанияның басшылығымен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген 31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін Қоса тіркеліп отырған қаржылық есептілік.

Есеп саясаты және ескертпелер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады

А.М. Ермагамбетов  
 Басқарма төрағасы

Д.М. Сахипов  
 Басқарма төрағасының орынбасары



Л.М. Меркая  
 Басқарушы

*(Handwritten signature)*

*(Handwritten signatures and names at the bottom of the page)*

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
31 желтоқсан 2016 жылы аяқталған жыл үшін

**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 4 сәуір 2000 жылғы «Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту туралы» №492 қаулысына сәйкес құрылды. Компания Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415 Заңына сәйкес қайта құрылды және 1 қазан 2004 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен берілген 9922-1901 АО нөмірімен қайта тіркелді.

«Зерде» Ұлттық ақпараттық коммуникациялық холдингі» АҚ Компанияның жалғыз акционері (бұдан әрі мәтін бойынша «Акционер») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Акционердің жалғыз қатысушысы болып табылады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жалғыз акционер акцияларының мемлекеттік бумасын иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Компания өз қызметін Қазақстан Республикасында ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар саласында жүзеге асырады. Компанияның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасында ақпараттық құрылымды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 қаңтар 2016 жылғы қаулысымен Компания «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы ретінде анықталды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26 ақпан 2016 жылғы № 118 қаулысы бойынша Компания Бірыңғай байланыс орталығы ретінде анықталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11 қараша 2016 жылғы №696 қаулысымен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ оған «Kazsatnet» Ұлттық компаниясы» АҚ қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Компанияның тіркелген заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, Сервер орталығы.

Компанияның осы қаржылық есептілігі шығарылымға Басқарма төрағасымен, Басқарма төрағасының орынбасарымен және Бас бухгалтермен 14 сәуір 2017 жылы бекітілген болатын.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

Осы қаржылық есептілік, есептік саясатта және осы қаржы есептілігінің ескертпелерінде ашылған операцияларды қоспағанда, бастапқы құн негізінде дайындалды. Қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен келтірілген («теңге»). Осы қаржы есептілігіндегі барлық мәндер арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда мыңға дейін дөңгелектелген.

**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Компанияның осы қаржылық есептілігі Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттары бойынша Кеңеспен («ҚЕХС бойынша Кеңес») жарияланған редакциясындағы Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалды.

Қаржы есептілігін ҚЕХС сәйкес дайындау белгілі бір сыни есептік бағалауларды қолдануды қажет қылады, сондай-ақ, басшылықтан есептік саясатты қолдану барысындағы жорамалдар бойынша пікірлерді қолдануды талап етеді. Күрделіліктің арттырылған деңгейін немесе жорамалдарды

қолдануды, сондай-ақ, қаржы есептілігі үшін елеулі болып табылатын бағалауларды және жорамалдарды қолдану салаларын қамтитын қолдану салалары 4 Ескертпесінде ашылған.

#### **Шетел валютасын қайта есептеу**

Осы қаржылық есептілік теңгемен келтірілген. Теңге Компанияның функционалдық валютасы және қаржылық есептілікті беру валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда функционалдық валютаға операцияны жүзеге асыру күніндегі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген қаражат активтері және міндеттемелері функционалдық валютаның есептік күндегі бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағам айырмалары жиынтық табыс туралы есепке қосылады. Шетел валютасында әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күні әрекет ететін бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен («ҚР ҰБ») белгіленген валюта айырбастаудың орташа өлшемді бағамдары Қазақстан Республикасындағы валюталардың ресми айырбас бағамы ретінде пайдаланылады. ҚР ҰБ 31 желтоқсан 2016 жылы белгіленген айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңгені құраған болатын. Бұл бағам 31 желтоқсан 2016 жылы АҚШ долларында көрсетілген қаражат активтерін және міндеттемелерін қайта есептеу үшін қолданылған болатын (31 желтоқсан 2015 жылы: 1 АҚШ доллары үшін 339,47 теңге).

### **3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ**

Компаниямен алғаш рет қолданылған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және әрекет етуші стандарттарға және түсіндірмелерге түзетулер

Осы қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылатын есептік саясат 1 қаңтар 2016 жылы күштеріне енген қабылданған жаңа стандарттарды және түсіндірмелерді қоспағанда 31 желтоқсан 2015 жылы аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған саясатқа сай келеді. Компания шығарылған, бірақ күштеріне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбады. Осы өзгертулердің сипаты және әсері туралы ақпарат төменде ашылған. Компания осы жаңа стандарттарды және түзетулерді алғаш рет 2016 жылы қолданғандығына қарамастан, олардың Компанияның жылдық қаржылық есептілігіне қатысты елеулі әсері жоқ.

#### **ҚЕХС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары»**

ҚЕХС (IFRS) 14, қызметтері тарифтік реттеу нысанасы болып табылатын ұйымдарға ҚЕХС бірінші рет қолданудан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп жүргізу саясатының олар қолданатын әрекет етуші қағидалардың басым көпшілігін қолдануды жалғастыруға рұқсат беретін міндетті емес стандарт болып табылады. ҚЕХС (IFRS) 14 қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолақтар күйінде, ал осындай қалдықтар бойынша қозғалыстарды табыс немесе шығын және басқа да жиынтық пайда (БЖП) туралы есепте бөлек жолақтар күйінде ұсынуы тиіс. Стандарт тарифтік реттеудің сипаты және онымен байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ, осындай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпараттың ашылуын талап етеді. ҚЕХС (IFRS) 14 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Компания ЕХС бойынша есептілікті дайындап отырғандықтан және кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары бойынша қалдықтары болмағандықтан осы стандарт оның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

**ҚЕХС (IFRS) 11 «Бірлескен кәсіпкерлік» қатысты түзетулер - «Қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу»**

ҚЕХС (IFRS) 11 қатысты түзетулер бизнестерді біріктіруді есепке алу үшін ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнестерді біріктіру» сәйкесінше қағидаларына сәйкес қызметі ретінде бизнес болып табылатын бірлескен операциялардың қатысушысы бірлескен операцияда қатысу үлесін сатып алуды ескеруін талап етеді. Сондай-ақ, егер бірлескен бақылау сақталса, түзетулер түсіндіреді осыған дейін қолда болған бірлескен ұйымдағы қатысу үлестері дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайды. Сонымен қатар, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) сол бір бақылаушы тараптың ортақ бақылауында болса, ҚЕХС (IFRS) 11 қолдану саласынан алынды қосылды, ол бойынша осы түзетулер қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операцияда бастапқы қатысу үлесін сатып алуға қатысты және дәл сол бірлескен операцияда қосымша үлестерді сатып алуға қатысты қолданылады, және 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективалы негізде күштеріне енеді, сонымен қатар, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, себебі қарастырылып отырған кезеңде бірлескен операцияда қатысу үлестері сатып алынбады.

**ҚЕХС (IAS) 16 және ҚЕХС (IAS) 38 «Өтемпұлдың жол берілетін әдістерін түсіндіру» түзетулер**

Түзетулер бизнес қызметі нәтижесінде құрылатын (оның бір бөлігі ретінде актив болып табылатын) табыстың экономикалық пайдалардың құрылымын көрсететіндігіне негізделетін ҚЕХС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» және ҚЕХС (IAS) 38 «Материалдық емес активтер» қағидаларын түсіндіреді, активті қолдану шеңберінде тұтынылатын экономикалық пайдаларды түсіндірмейді. Нәтижесінде пайдаға негізделген әдіс негізгі құралдарды өтеу үшін қолданылуы мүмкін емес және тек материалдық емес активтерді өтеуге арналған сирек жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Түзетулер 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективалы негізде қолданылады, сонымен қатар мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, себебі Компания пайдаға негізделген әдісті өзінің айналымнан тыс активтерін өтеу үшін қолданбады.

**ҚЕХС (IAS) 16 және ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы: жеміс дақылдары» түзетулер**

Түзетулер жеміс дақылдарының анықтамасына сай келетін биологиялық активтер есебінің талаптарына өзгертулерді енгізеді. Түзетулерге сәйкес жеміс дақылдарының анықтамасына сай келетін биологиялық активтер бұдан былай ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» қолдану саласына жатқызылмайды. Оның орнына оларға қатысты ҚЕХС (IAS) 16 қолданылады. Бастапқы танудан кейін жеміс дақылдары бойынша ҚЕХС (IAS) 16 жинақталған іс жүзіндегі шығындар бойынша (пісіп жетілгенге дейін) және іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін немесе қайта бағаланған құны бойынша алу моделін (пісіп жетілгеннен кейін) пайдалана отырып бағаланатын болады. Сондай-ақ, түзетулер жеміс дақылдарының өнімі әлі де болса ҚЕХС (IAS) 41 қолдану саласында қалатындығын және сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп тастап, әділ құн бойынша бағалануы тиіс екендігін растайды. Жеміс дақылдарына қатысты мемлекеттік субсидиялар бойынша ҚЕХС (IAS) 20 «мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» қолданылатын болады. Түзетулер 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті күйде қолданылады, сонымен қатар, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, себебі Компанияда жеміс дақылдары жоқ.

**ҚЕХС (IAS) 27 «Бөлек қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі» түзетулері**

Түзетулер ұйымдарға еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және ассоциацияланған мекемелерге құйылатын инвестицияларды бөлек қаржылық есептілікте есепке алу үшін үлестік

қатысу әдісін қолдануға рұқсат береді. ҚЕХС және шешімді әлдеқашан қолданатын және өзінің бөлек қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдаған ұйымдар осы өзгертуді ретроспективті түрде қолдануы тиіс болады. ҚЕХС алғаш рет қолданатын және өзінің бөлек қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдайтын ұйымдар осы әдісті ҚЕХС өту күнінен бастап қолдануға міндетті. 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты түзетулер енеді, сонымен қатар, оларды мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

#### **ҚЕХС жыл сайынғы жақсартулары, 2012-2014 жылдардағы кезең**

Осы түзетулер 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күштеріне енеді. Құжат төмендегі түзетулерді қамтиды:

#### **ҚЕХС (IFRS) 5 «Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет»**

Активтің (немесе шығып кетуші топтардың) шығып кетуі әдетте меншік иелеріне сату не болмаса бөліп үлестіру арқылы жүзеге асырылады. Түзету шығып кетудің бір әдісінен басқа әдісіне өту шығып кету бойынша жаңа жоспар ретінде саналмауы тиіс екендігін түсіндіреді, керісінше бастапқы жоспардың жалғасы ретінде қарастырылуы тиіс. Осы түзету перспективті күйде қолданылуы тиіс.

#### **ҚЕХС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»**

##### **(i) Қызмет көрсетуге қатысты шарт**

Түзету сыйақы төлеуді көздейтін қызмет көрсетуге қатысты шарт қаржылық активте жалғасатын қатысу болуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Ақпаратты ашу қажеттілігін анықтау үшін ұйым ҚЕХС (IFRS) 7 жалғасатын қатысуға қатысты нұсқауларға сәйкес сыйақы және келісімнің сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсетуге қатысты шарттардың қай түрі жалғасатын қатысу болып табылатындығын бағалау ретроспективті түрде өткізілуі тиіс. Алайда ақпаратты ашу ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін талап етілмейді.

##### **(ii) ҚЕХС (IFRS) 7 түзетулерді қысқартылған аралық қаржылық есептілікте қолдану**

Түзету осындай ақпарат соңғы жылдық есепте келтірілген деректердің елеулі жаңаруы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, өзара есепке алу туралы ақпаратты ашу әрекеттеріне қатысты талаптар қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қатысты қолданылмайтындығын түсіндіреді. Осы түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

#### **ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге сыйақылар»**

Түзету жоғары сапалы корпорациялық облигациялар нарығының дамығандығы облигация шығарылған елді емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған жоғары сапалы корпорациялық облигациялар нарығы болмаған жағдайда мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді қолдану қажет. Осы түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

#### **ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілік»**

Түзету аралық кезеңдегі не болмаса аралық қаржылық есептіліктегі, не болмаса аралық қаржылық есептің басқа жеріндегі (мысалға, басшылықтың пікірлерінде не болмаса тәуекелдерді бағалау туралы есепте) ақпарат ашылуы тиіс екендігін аралық қаржылық есептіліктегі сәйкесінше айқаспалы сілтемелерді белгілей отырып түсіндіреді. Аралық қаржылық есептегі басқа ақпарат пайдаланушыларға дәл сол аралық қаржылық есептіліктің шарттарында және мерзімдерінде қол жетімді болуы тиіс. Осы түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

*ҚЕХС (IAS) 1 «Ақпарат ашудағы бастама» түзетулер*

ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер ҚЕХС (IAS) 1 қолданыстағы талаптарын елеулі түрде өзгертпейтіндігін түсіндіреді. Түзетулер төмендегілерді түсіндіреді:

- ҚЕХС (IAS) 1 маңыздылығына қатысты талаптар;
  - Пайда немесе шығын және БЖП туралы есептегі(тердегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі кейбір баптар дезагрегациялануы мүмкін;
- Ұйымда қаржылық есептілікке қатысты ескертпелерді ұсыну тәртібін таңдау мүмкіншілігі бар;
  - Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын БЖП ассоциацияланған ұйымдарының және бірлескен кәсіпорындарының үлесі бір бап шеңберінде біріктірілген күйде ұсынылуы тиіс және пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелетін немесе кейіннен жіктелетін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен қатар, түзетулер қаржылық жағдай туралы есебінде және пайда немесе шығын және БЖП туралы есепте(терінде) қосымша аралық жиынтық сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды түсіндіреді. Осы түзетулер 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күштеріне енеді, сонымен қатар, оларды мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

*ҚЕХС (IFRS) 10, ҚЕХС (IFRS) 12 және ҚЕХС (IAS) 28 «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан алынуларды қолдану» қатысты түзетулер*

Түзетулер ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» сәйкес инвестициялық ұйымдарды алып тастауға қатысты қолдану кезінде туындаған мәселелерді қарастырады. ҚЕХС (IFRS) 10 қатысты түзетулер өзінің еншілес ұйымдарын әділ құн бойынша бағалайтын инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын иегер ұйымға шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну туралы талабынан алып тастау қолданылатындығын түсіндіреді.

Сонымен қатар, ҚЕХС (IFRS) 10 қатысты түзетулер шоғырландыруға тек өз бетінше инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы қызметтерді көрсететін инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы ғана жатқызылатындығын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділ құн бойынша бағаланады. ҚЕХС (IAS) 28 «Қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар» қатысты түзетулер инвесторға оның инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымымен немесе бірлескен кәсіпорынмен қолданылған үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде әділ құн бойынша бағалауын, өзінің еншілес ұйымдарда жеке қатысу үлестерін сақтауға мүмкіндік береді.

Осы түзетулер ретроспективті түрде қолданылуы тиіс және 1 қаңтар 2016 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күштеріне енеді, сонымен қатар, оларды мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді.



Компания төмендегі жаңа және қайта қаралған ҚЕХС және КРМСФО (шығарылған, бірақ әлі де болса күштеріне енбеген) қолданбады:

ҚЕХС (IFRS) 1 -  
«ҚЕХС алғаш рет  
қолдану»

IFRS 1 түзетулер IFRS 7 «Қаржы құралдары- Ашулар», IAS 19 «Қызметкерлерге сыйлықақылар» және IFRS 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» қосылған стандарттардың талаптарын қолданудан қысқа мерзімді босатуларды жою мақсатында енгізілді. Осындай босатуларды бұдан былай қолдануға болмайды, және компаниялармен өтіп кеткен есептік кезеңдер үшін қолданылды. Бұл жетілдіру 1 қаңтар 2018 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

ҚЕХС (IFRS) 12  
«Басқа ұйымдарда  
қатысу туралы  
ақпаратты ашу»

Түзетулер IFRS 12 стандартын IFRS 5 «Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет» сәйкес ұйымның қатысу үлестеріне қатысты ақпарат ашуды қолдану саласын түсіндіреді. Атап айтқанда, түзетулер компаниялардың басқа ұйымдарда қатысу үлестері бөліп үлестіру үшін арналған немесе тоқтатылған қызмет ретінде жіктелетін кезде олардың IFRS сәйкес 12 ақпаратты ашу бойынша барлық талаптардан босатылмайтындығын нақтылайды. Осылайша, өзгертілген стандарт IFRS 5 сәйкес ақпаратты ашу кезінде көзделмеген В10-16 параграфтарында баяндалған ақпаратты ашу бойынша талаптарды түсіндіреді.

Бұл түзету 1 қаңтар 2017 жылы және осы күннен кейін басталатын есептік кезеңдер үшін ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Өтпелі кезең көзделмеген.

ҚЕХС (IAS) 28  
«Қауымдастырылған  
ұйымдарға және  
бірлескен  
кәсіпорындарға  
салынатын  
инвестициялар»

IAS 28 қатысты түзету венчурлық инвестицияларға мамандандырылған ұйымдардың, өзара инвестициялар қорлардың, трастық қорлардың және ұқсас компаниялардың (сақтандыру инвестициялық қорларды қоса алғанда) қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға әділ құн бойынша инвестицияларды есепке алуды таңдай алады немесе, бастапқы тану кезінде әрбір бөлек инвестицияға қатысты үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып таңдай алатындығын түсіндіреді.

Бұл түзету 1 қаңтар 2018 жылы және осы күннен кейін басталатын есептік кезеңдер үшін ретроспективалық түрде қолданылуы тиіс. Өтпелі кезең көзделмеген.

IAS 40 түзетудің әсері «инвестициялық жылжымайтын мүлік» санатына немесе тек қолдануды өзгерту кезінде ғана одан ауыстыруды қажет қылады. Түзету түсіндіреді басшылықтың инвестициялық жылжымайтын мүліктің пайдалану ниеті өзгерген жағдайда жылжымайтын мүлікті пайдалануды өзгертудің дәлелі ретінде оқшауланған күйде қызмет ете алмайды. Себебі ниет өз бетінше пайдалануды өзгертудің дәлелі ретінде болып табылмайды. Сондықтан осындай өзгертуді қолдау үшін Компания бақыланатын әрекеттерді келтіруі тиіс. Стандарттың 57 параграфы дәлелдемелердің сәйкесінше көздерінің келесі үлгілерін келтіреді (бұл тізім түбегейлі болып табылмайды):

**ҚЕХС (IAS) 40**  
**«Инвестициялық**  
**жылжымайтын**  
**мүлік»**

- Инвестициялық жылжымайтын мүліктен иеленуші тұратын жылжымайтын мүлік санатына ауыстыру кезінде жылжымайтын мүлікті иеленуші тұратын жылжымайтын мүлік ретінде пайдаланудың басталуы;
- Инвестициялық жылжымайтын мүліктен қорларға ауыстыру кезіндегі сату мақсатында қайта құрудың басталуы;
- жылжымайтын мүлікті меншік иесі орналасқан санаттан инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру кезінде оның барысында меншік иесі жылжымайтын мүлікте болған кезеңнің аяқталуы; немесе
- қорлардан инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру кезінде екінші тараппен келісім бойынша операциялық жалдаудың басталуы. Түзету 1 қаңтар 2018 жылы немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

Компанияның Басшылығы ҚЕХС қатысты көрсетілген түзетулерді қолдану Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі түрде әсер етпейді деп санайды.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған өтемпұлды және құнсыздануды шегеріп тастағаннан кейін бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтердің бастапқы құны шығындардың кез келген түрін, активті жұмыс күйіне аударуға және қажет болған жағдайда активті жою бойынша шығындардың бастапқы бағалауына тікелей түрде қатысты сатып алу немесе құрылысын салу бағасынан құралған. Сатып алу немесе құрылысын салу бағасы ретінде активті сатып алу үшін ұсынылған сыйлықақының кез келген түрінің жиынтық төленген құны және әділ құны болып табылады.

Негізгі құралдардың елеулі компоненттерін белгілі бір уақыт аралығынан кейін алмастыру қажет болған жағдайда, Компания осындай компоненттерді сәйкесінше дербес пайдалану мерзімдерімен дербес активтер ретінде таниды және оларды сәйкесінше әдіспен өтейді. Дәл осындай әдіспен, негізгі техникалық қарауды өткізу кезінде онымен байланысты шығындар, егер танудың барлық сипаттары орындалса, негізгі құралдардың теңгерім құнында жабдықтың алмасуы ретінде танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар туындаған кезде пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

Аяқталмаған құрылыс ретінде өз құны бойынша есепке алынған негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысы болып табылады. Аяқталмаған құрылыстың құнын, жабдықтардың және басқа да тікелей шығындарды қамтиды. Аяқталмаған құрылыс сәйкесінше активтердің құрылысы аяқталмайынша және олар пайдалануға қосылмайынша өтелмейді.

Жерді және аяқталмаған құрылысты қоспағанда, негізгі құралдардың тозуы пайдалы қызмет етудің келесі мерзімдері ішінде тікелей әдіспен есептелінеді:

| Активтердің тобы         | Пайдалы қызмет етудің мерзімі |
|--------------------------|-------------------------------|
| Ғимараттар               | 40 жыл                        |
| Құрылыстар               | 10-20 жыл                     |
| Машиналар және жабдықтар | 4-10 жыл                      |
| Көлік құралдары          | 5-7 жыл                       |
| Басқа                    | 3-10 жыл                      |

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет етудің жорамалды мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралуы мүмкін, және қажет болған жағдайда, мерзімдердегі өзгертулер келесі кезеңдерде түзетіледі. Негізгі құралдардың теңгерім құны қандай да бір оқиғалар немесе ағымдағы құны өтелмейтіндігін білдіретін мән-жайлардағы өзгерістер орын алған жағдайда құнсыздануға қатысты қайта қаралады. Негізгі құралдардың нысанын тану оның шығып кетуінен кейін немесе оны пайдаланудан немесе оның шығып кетуінен болашақтағы экономикалық пайдаларды алу күтілмейтін жағдайларда тоқталады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген табыстар немесе шығындар (активтің шығып кетуінен түсетін таза түсімдер және теңгерім құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тануды тоқтату орын алған есептік кезеңде жиынтық табыс туралы есепке қосылады.

#### Материалдық емес активтер

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Материалдық емес активтердің бастапқы құны төленген жалпы сомасы және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа негізгі құралдардың әділ құны болып табылады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны олардың сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер құнсызданудан жиналған өтемпұлды және жиналған шығындарды шегеріп тастап бастапқы құны бойынша танылады. Материалдық емес активтер лицензияларды, компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы және әзірлеуге жұмсалған шығындарды қамтиды.

Егер осы материалдық емес активтің құнсыздануы белгілері бар болса, пайдалы қызмет ету мерзімдері шектеулі материалдық емес активтер өтеу мерзімі ішінде өтеледі және құнсыздануға қатысты бағаланады. Пайдалы қызмет ету мерзімдері шектеулі материалдық емес актив үшін өтемпұлды есептеудің кезеңі мен әдісі кем дегенде әрбір есептік жылдың соңында қайта қаралады. Пайдалы қызмет етудің жорамалды мерзімін немесе активте қамтылған болашақ экономикалық пайдаларды тұтынудың жорамалды құрылымын өзгерту қаржы есептілігінде жағдайға байланысты өтемпұлдың кезеңін өзгерту немесе оны есептеу әдісі ретінде байқалады, және есептік бағалаулардың өзгеруі ретінде ескеріледі. Пайдалы қызмет ету мерзімдері шектеулі материалдық емес активтерді өтеуге жұмсалатын шығындар жиынтық табыс туралы есепте материалдық емес активтің функциясына сай келетін шығындар санатында танылады.

Әзірленіп жатқан активтерді қоспағанда материалдық емес активтердің өтемпұлы пайдалы қызмет етудің келесі мерзімдері ішінде тікелей әдіспен есептеледі:

| Активтердің тобы        | Өтемпұл мерзімі |
|-------------------------|-----------------|
| Лицензиялар             | 1-5 жыл         |
| Бағдарламалық жасақтама | 1-5 жыл         |

Материалдық емес активті есептен шығарудан түсетін табыс немесе одан туындайтын шығын активтің шығуынан таза табыс және активтің ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді, және осы активті есептен шығару кезінде жиынтық табыс туралы есепте танылады.

### **Зерттеулерге және әзірлеулерге жұмсалатын шығындар**

Зерттеулерге жұмсалатын шығындар олардың пайда болуына байланысты шығындарға жатқызылады. Нақты өнімді әзірлеуге жұмсалатын шығындар нәтижесінде туындайтын материалдық емес актив тек Компания төмендегілерді ұсына алатын кезде ғана танылады:

- актив пайдалану немесе сату үшін қол жетімді болатындай қылып материалдық емес активті құрудың техникалық жағынан жүзеге асыру мүмкіншілігін;
- материалдық емес активтің әзірлеуін және оны қолдануды аяқтауға немесе оны сатуға қатысты өз ниетін;
- материалдық емес активтің болашақ экономикалық пайдаларды құруын;
- әзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың бар болуын;
- оны әзірлеу барысында материалдық емес активке жатқызылатын шығындарды сенімді бағалау қабілеттілігін;
- құрылған материалдық емес активті қолдану қабілеттілігін.

Әзірлеуге жұмсалатын шығындарды актив ретінде бастапқы танығаннан кейін активтер құнсыздану салдарынан жиналған өтемпұлды және жиналған шығындарды шегеріп тастап бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтің өтемпұлы әзірлеуді аяқтағаннан кейін, актив пайдалануға дайын болған кезде басталады, және болашақ экономикалық пайдаларды алудың жорамалды кезеңі ішінде жүзеге асырылады. Өтемпұл өзіндік құны құрамында байқалады. Әзірлеу кезеңі барысында актив құнсыздануға қатысты жыл сайын тексеріледі.

### **Болашақ кезеңдердің шығындары**

Операциялық жалға алу шарттарында алынатын жайларды және жабдықтарды жетілдіруге жұмсалатын шығындар болашақ кезеңдердің шығындары ретінде танылады және активтің пайдалы қызмет ету мерзімдерінің ең қысқасы және жалдаудың ең қысқа мерзімі ішінде өтеледі. Ең қысқа мерзім ретінде жалға алудың жойылмайтын кезеңі қарастырылады. Сондай-ақ, осы кезең Компанияның жалдау мерзімін ұзартудың сөзсіз құқығын қамтиды.

### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Әрбір есепті күнге Компания активтің мүмкін құнсыздануы белгілерінің бар-жоқтығын анықтайды. Егер осындай белгілер бар болса, немесе егер активтің құнсыздануына қатысты жыл сайынғы тексеруді өткізу қажет болса, Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жүзеге асырады. Активтің немесе қаражат ағымдарын құратын бөлімшенің өтелетін құны (ҚАҚБ) - бұл төмендегі өлшемдердің арасындағы ең үлкен өлшем: сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп тастағаннан кейін активтің әділ құны (ҚАҚБ) және активті пайдалану құндылығы (ҚАҚБ). Өтелетін құны бөлек актив үшін анықталады, актив басқа активтермен немесе активтер топтарымен құрылатын ағымдарға қатысты алғанда негізінен тәуелсіз келетін қаражат құралдарының ағымдарын құрмайтын жағдайларды қоспағанда.

Егер активтің немесе қаражат ағымдарын құратын бөлімшенің теңгерім құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде қаражаттардың болашақ ағымдары салық салғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, соңғысы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға жұмсалатын шығындарды шегеріп тастаған кезде әділ құнын анықтау барысында жуырдағы нарықтық мәмілелер ескеріледі (егер ондайлар бар болса). Олар болмаған жағдайда бағалаудың сәйкесінше моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында айналымда еркін жүретін баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсыздану сомасын, осындай жоспарларды және кейбір активтер жатқызылатын Компанияның әрбір ҚАҚБ үшін бөлек дайындалатын болжамды есептеулерді негізге ала отырып айқындайды. Осы жоспарлар және болжамды есептеулер, әдетте, бес жылға жасалады. Анағұрлым

ұзақ мерзімдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды болашақ қаражат ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Жалғасатын қызметтің құнсыздануынан туындайтын шығындар жиынтық табыс туралы есепте құнсыздалған активтің функциясына сай келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

Әрбір есепті күнге Компания гудвилді қоспағанда активтің құнсыздануынан туындайтын осыған дейін танылған шығындар бұдан былай жоқ болуының немесе қысқаруы белгілерінің бар-жоқтығын айқындайды. Егер осындай белгі бар болса, Компания активтің немесе қаражат ағымдарын құратын бөлімшенің өтелетін құнын есептеп анықтайды. Осыған дейін танылған құнсызданудан туындайтын шығындар құнсызданудан туындайтын шығынды соңғы тану мерзімінен бері активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағалауда өзгеріс бар болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерім құны оның өтелетін құнынан аспайтындай қылып шектелген, сондай-ақ, өтемпұлды шегеріп тастағаннан кейін теңгерім құнынан аса алмайды, ол бойынша, егер алдыңғы жылдары құнсызданудан туындайтын шығын танылмаған жағдайда, осы актив танылатын еді. Құнын осылайша қалпына келтіру жиынтық табыс туралы есепте танылады.

### **Қаржылық активтер**

#### *Бастапқы тану және бағалау*

МEXC 39 қолдану аясына жатқызылатын қаржылық активтер сәйкесінше түрде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер; қарыздар және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржылық активтер; тиімді хеджирлеу барысында хеджирлеу құралдары ретінде анықталатын туынды қаржы құралдары ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы тану кезінде жіктейді.

Қаржылық активтер бастапқыда, онымен тікелей түрде байланысты мәміле бойынша шығындарға пайда не болмаса шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын инвестициялар жағдайында арттырылған әділ құны бойынша танылады.

Активтерді заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленетін мерзім ішінде жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («қалыпты шарттарда» сауда жасау) мәмілені жасасу күні, яғни, Компания өзіне активті сатып алу немесе сату бойынша міндеттемені қабылдаған күні танылады.

Компанияның қаржылық активтері қаражат құралдарын және банк салымдарын, сауда және басқа дебиторлық берешекті, және пайдалануы шектеулі депозит шоттарындағы қаражат құралдарын қамтиды.

#### *Кейінгі бағалау*

Қаржы активтерін кейіннен бағалау олардың жіктелуіне төмендегідей әдіспен байланысты болып келеді.

#### *Қаражат құралдары мен олардың баламалары*

Қаражат құралдары мен олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, талап етуге дейінгі салымдарда жатқан қаражат құралдарын, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Қаржылық жағдай туралы есебіндегі банктердегі қысқа мерзімді салымдарда үш айдан бастап бір жылға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі көзделген.

#### *Қарыздар және дебиторлық берешек*

Қарыздар және дебиторлық берешек белгіленген немесе анықталатын төлемдер көзделген белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін туынды емес қаржылық активтер болып табылады. Бастапқы танудан кейін осындай қаржылық активтер құнсызданудан туындайтын шығындарды шегеріп тастап, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып анықталатын өтелген құн

бойынша бағаланады. Өтелген құн сатып алу кезіндегі жеңілдіктерді немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық төлемдерді немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі өтемпұл қаржыландырудан түсетін пайдалар құрамына кіреді. Құнсызданумен шарттасылған шығыстар құнсыздану туындаған кезеңде қаржыландыру бойынша шығындар құрамында танылады.

#### *Тануды тоқтату*

Қаржылық активтің (немесе, қолданылуы мүмкін жерде - қаржылық актив бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігінің) қаржылық жағдай туралы есебіндегі танылуы тоқтатылады, егер:

- активтің қаражат құралдарының ағындарын алу құқықтарының қызмет ету мерзімі таусылды;
- Компания активтен түсетін қаражат құралдарының ағындарын алуға өз құқықтарын берді, не болмаса қаражат құралдары ағындарының үшінші тарабымен алынатын толық көлемде төлеу бойынша міндеттемесін өзіне алды және «транзиттік» келісім бойынша елеулі кідіріссіз; және не болмаса (а) Компания барлық дерлік тәуекелдерді және активтен түсетін пайдаларды берді, не болмаса (б) Компания бермеді, және барлық дерлік тәуекелдерді және активтен түсетін пайдаларды өзіне қалдырмайды, бірақ осы активке қатысты бақылауды берді.

Егер Компания өзінің активтен түсетін қаражатының ағындарын алуға барлық құқықтарын берсе, не болмаса транзиттік келісім жасаса, сонымен қатар, барлық дерлік тәуекелдерді және активтен түсетін пайдаларды бермесе, бірақ өз атында сақтап қалмаса, сондай-ақ, активке қатысты бақылауды бермесе, жаңа актив Компания берілген активте өз қатысуын жалғастыратын дәрежеде танылады.

Сондай-ақ, бұл жағдайда Компания сәйкесінше міндеттемені таниды. Берілген актив және сәйкесінше міндеттеме Компаниямен сақталған құқықтарды және міндеттемелерді білдіретін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу төмендегі өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады: активтің бастапқы теңгерім құны немесе төленуі Компаниядан талап етілуі мүмкін максималды сома.

#### *Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Әрбір есептік күнге Компания қаржылық активтің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің бар-жоқтығын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржы активтерінің тобы тек қаржылық актив немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ қаражат ағындарына сенімді бағалауға көнетін әсер қалдырған активті бастапқы танудан кейін орын алған («шығынды жеткізу оқиғасының» орын алуы) бір немесе одан да көп оқиғаның нәтижесінде құнсыздануының объективті дәлелі бар болған жағдайда ғана құнсыздалған болып саналады.

Құнсыздануының дәлелдері борышкер немесе борышкерлер тобы елеуді қаржылық қиындықтарды бастарынан кешіруде екендігі, өз берешегіне қызмет көрсете алмайтындығы немесе пайыздарды немесе берешектің негізгі сомасын төлеуді дұрыс емес түрде жүзеге асыратындығы, сондай-ақ, олардың банкроттық жариялау немесе басқа сипаттағы қаржылай қайта құру процедурасын өткізу мүмкіндігі жайлы нұсқауларды қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, осындай дәлелдерге қаржылық құрал бойынша күтілетін болашақ қаражат ағындарының бағалауға көнетін азаюының бар болуын білдіретін бақыланатын деректер жатқызылады, нақтылай кететін болсақ, берешектерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланыста болатын мерзімі кешіктірілген берешек көлемдерінің немесе экономикалық шарттардың өзгерістері сияқты. осыған дейін танылған қорды қалпына келтіру қордағы азайту тікелей түрде оны

танығаннан кейінгі оқиғалармен байланысты болған кезде танылады. Құнсыздану салдарынан туындайтын шығынды осылайша қалпына келтіру жиынтық табыс туралы есепте танылады.

### **Қаржылық міндеттемелер**

#### *Бастапқы тану және бағалау*

МЕХС 39 қызмет ету саласында болатын қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер және қарызға алулар, немесе тиімді хеджирлеу кезіндегі хеджирлеу құралдары ретінде анықталған туынды қаржы құралдары ретінде сәйкесінше түрде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқыда таныған кезде жіктейді. қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар және несиелер жағдайында олармен тікелей түрде байланысты мәміле бойынша шығындарға арттырылған әділ құн бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа несиелік берешекті, қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

#### *Кейінгі бағалау*

Міндеттемелерін кейінгі бағалау қаржы төмендегі әдіспен олардың жіктелуіне байланысты келеді: «Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санаты саудаға арналған және бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатындар ретінде анықталған қаржылық міндеттемелер қамтиды. қаржылық міндеттемелер, егер олар жақын арада сату мақсатында алынған болса, саудаға арналған ретінде жіктеледі. Бұл санат шарт бойынша тарап болып табылатын Компания олар МЕХС 39 анықталғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдарды ретінде анықталмаған туынды қаржылық құралдарды қамтиды. Сондай-ақ, бөлінген ендірілген туынды қаржылық құралдар, олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде анықталатын жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған ретінде жіктеледі. Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайдалар және шығыстар жиынтық табыс туралы есепте танылады. Компанияда бастапқы тану кезінде онымен пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын ретінде анықталған қаржы міндеттемелері жоқ.

#### *Сауда және басқа кредиторлық берешек*

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша кескінделеді, және кейіннен бастапқы құны бойынша бағаланады.

#### *Тануды тоқтату*

Егер міндеттеме өтелген, жойылған, немесе оның әрекет ету мерзімі өтіп кеткен болса, қаржылық міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы есебінде тану тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитор алдында біршама айырмашылығы бар шарттарда басқа міндеттемемен алмастырылса, егер немесе қолданыстағы міндеттеменің шарттары біршама деңгейде өзгертілген болса, осындай алмастыру немесе өзгертулер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде есептеледі, ал олардың теңгерім құндарының айырмашылығы жиынтық табыс туралы есепте танылады.

#### **Қаржы құралдарының әділ құны**

Саудасы белсенді нарықтарда әрбір есептік күнге жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны нарықтық белгілерді немесе дилерлердің белгілерін негізге ала отырып (ұзын позициялар үшін сатып алуға белгілер және қысқа позициялар үшін сатуға белгілер), мәміле бойынша шығындарды шегерместен анықталады.

Саудасы белсенді нарықтарда жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн бағалаудың сәйкесінше әдістемелерін қолдану арқылы анықталады. Осындай әдістемелер бағаларды қолдануды, жақында ғана коммерциялық негізде өткізілген мәмілелерді, осыған ұқсас

құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды; дисконтталған қаражат ағындарының талдауын, не болмаса бағалаудың басқа модельдерін қамтуы мүмкін.

#### **Өзара есепке жатқызу**

Қаржылық жағдай туралы есебінде тек таза сальдоны көрсете отырып қаржы активтерін және міндеттемелерін өзара есепке жатқызу өзара есепке жатқызуды өткізуге заңды бекітілген құқық және міндеттемелерді реттеумен бір мезгілде активті сату ниеті бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

#### **Жалдау**

Мәміленің жалдау болып табылатындығын не болмаса жалдаудың белгілерін қамтитындығын анықтау оның туындау күніндегі мәміле құрамының талдауына негізделген. Сонымен қатар, келісімнің орындалуы белгілі бір активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болуы және осы мәміленің нәтижесінде активті пайдалану құқығының басқа біреуге өтуі анықталады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жиынтық табыс туралы есепте жалдау мерзімінің ішінде біркелкі етіп шығыс ретінде танылады.

#### **Қаржылық жалдау - Компания жалға алушы ретінде**

Компания қаржылық жағдай туралы есебіндегі активтер және міндеттемелер құрамындағы қаржылық жалдау шарттарын жалдау мерзімінің басталу күні жалға алынған мүліктің әділ құнына тең сомада, немесе, егер бұл сома әділ құнына қарағанда төмен болса, ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша таниды. Кейінірек ең төменгі жалдау төлемдері қаржы шығындары арасында бөлінеді және төленбеген міндеттемені азайтады. Қаржылық төлем міндеттемелердің қалдық теңгерім бойынша пайыздардың тұрақты кезеңдік мөлшерлемесіне қол жеткізу үшін жалдау мерзімі ішінде әрбір кезеңге бөлінеді. Шартты жалдау төлемдері олар туындайтын кезеңдердегі шығындарға жатқызылады. Жалға алынған меншіктің тозуы Компанияға тиесілі мүлікке қатысты қолданылатын тозуды есептеу саясатына сәйкес есептеледі.

#### **Операциялық жалдау - Компания жалға алушы ретінде**

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жиынтық табыс туралы есепте бүкіл жалдау мерзімінің ішінде біркелкі етіп шығыс ретінде танылады.

#### **Тауарлық-материалдық қорлар**

Тауарлық-материалдық қорлар орта есеппен алынған күн әдісі бойынша ескеріледі. Тауарлық-материалдық қорлар өзіндік құнның ең кіші мәні немесе сатудың таза құны бойынша бағаланды. Өз құны жеткізумен және қорларды ағымдағы күйге әкелумен байланысты келтірілген шығындарды қамтиды. Тауарлық-материалдық қорларды сатудың таза құны осындай сатумен байланысты шығыстарды шегеріп тастап, болжамды сатудың жорамалды бағасына негізделген.

Одан әрі іске асыру үшін интернет порталдарын құру кезінде шеккен шығыстар олардың өз құнына қосылады және олардың қорларының құрамында көрініс табады.

#### **Қорлар**

Егер Компания өткен оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі бар болса (заңды немесе тәжірибеден туындайтын), қорлар танылады, осы міндеттемені өтеуге қажет болатын экономикалық пайданың сыртқа кетуі мүмкін болып табылады, және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағалауы алынуы мүмкін. Егер Компания қорлардың өтемақысын алуды көздесе, онда өтемақы бөлек актив ретінде танылады, бірақ өтемақыны алу күмән тудырмайтын жағдайда ғана. Қорға байланысты шығыс өтемақыны шегеріп тастап, жиынтық табыс туралы есепте көрініс табады. Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, қорлар салықтарды төлемес бұрын ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарығын кескіндейтін мөлшерлеме бойынша ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарын, сондай-ақ, мүмкіндігінше, міндеттемеге қатысты



тәуекелдерді дисконттау жолымен анықталады. Дисконттауды пайдалану кезінде, қордағы арту уақыт өте келе қаржылық шығыстар ретінде танылады.

#### **Кірісті тану**

Егер Компания экономикалық пайда алады деген ықтималдылық бар болса, және, егер кіріс сенімді түрде бағалануы мүмкін болса, кіріс танылады. Кіріс, жеңілдіктерді және басқа салықтарды немесе сатудан түсетін баж салықтарын шегеріп тастап, алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Компания онымен жасасқан кіріс алуды көздейтін барлық шарттар бойынша өзі принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді, себебі барлық жағдайларда ол шарт бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты әрекеттер еркіндігіне ие және сондай-ақ, қорлардың құнсыздануы тәуекеліне және несиелік тәуекелге шалдығады.

Кірісті тану үшін қаржы есептілігінде төмендегі критерийлер орындалуы тиіс:

#### **Тауарларды сату**

Тауарларды сатудан түскен кірістер тауарларды жеткізу орын алған, және тәуекелдер және меншік құқығы сатып алушыға берілген кезде танылады.

#### **Қызметтерді көрсету**

Көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер қызметтерді көрсету сәтінде танылады.

#### **Сыйақы бойынша табыс**

Табыс пайыздардың есептелуіне орай танылады (қаржы құралын қолданудың жорамалды мерзімі барысында күтілетін болашақ қаражат ағындарын қаржылық активтің таза теңгерім құнына әкелетін пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі бойынша).

#### **Шығыстарды тану**

Шығыстар туындаған кезде ескеріледі және қаржы есептілігінде олар жатқызылатын кезеңде есептеу әдісі негізінде көрініс табады.

#### **Табыс салығы**

Жылдық табыс салығы ағымдағы табыс салығы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі ағымдағы салық бойынша салық активтері және міндеттемелері салық органдарынан өтелуі немесе салық органдарына төленуге тиіс деп күтілетін сома бойынша бағаланады. Салық мөлшерлемелері және осы соманы анықтау үшін қолданылатын салық заңнамасы - бұл қабылданған немесе есепті күнге іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер және заңнама болып табылады.

Тікелей түрде капиталда танылған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы табыс туралы жиынтық есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Компанияның Басшылығы салық декларацияларында көрініс тапқан позициялардың бағалауын жүйелі түрде жүргізеді, оларға қатысты сәйкесінше салық заңнамасы түрлі жолдармен түсіндірілуі мүмкін, және қажет болуына орай қорларды құрады.

#### **Кейінге қалдырылған табыс салығы**

Кейінге қалдырылған табыс салығы есеп беру күні активтердің және міндеттемелердің салық базасы және олардың қаржы есептілігінің мақсаттарындағы теңгерім құны арасындағы уақытша айырмашылықтар бойынша міндеттемелер әдісі бойынша ескеріледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады, төмендегі жағдайларды қоспағанда:

- Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды, сондай-ақ, операцияны жасау сәтінде бухгалтерлік пайдаға, салық салынатын пайдаға немесе шығынға да әсер етпейді.
- Еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға салынатын инвестициялармен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты, сондай-ақ, бірлескен қызметке қатысу үлестерімен, егер Компания уақыт айырмашылығының азайту уақытында бөлуді бақылай алса, және уақыт айырмашылығы жақын болашақта азаймайтындығының елеулі ықтималдылығы бар.

Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады, салық салынатын пайда бар болуының елеулі ықтималдылығы бар дәрежеде, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары есепке жатқызылуы мүмкін, төмендегі жағдайларды қоспағанда:

- Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив шегерілетін уақыт айырмашылығына қатысты бизнесті біріктіруден басқа себептен туындаған активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды, және операцияны іске асыру кезінде бухгалтерлік пайдаға, салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейді.
- Еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға құйылатын инвестициялармен байланысты, сондай-ақ, бірлескен қызметке қатысу үлестерімен шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты келетін болсақ, кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмашылықтары жақын арада қолданылуының елеулі ықтималдылығы бар дәрежеде, және оған қарсы уақыт айырмашылықтары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алатын кезде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтердің теңгерім құны әрбір есеп беру күніне қайта қаралады, және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша барлық активтерді немесе олардың бір бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін тиісті салық салынатын пайдаға қол жеткізуге жеткілікті дәрежеде төмендетіледі, екіталай ретінде бағаланады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есеп беру күніне қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтерді қолдануға мүмкіндік беруінің елеулі ықтималдылығы пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер болжам бойынша актив іске асырылатын, ал есеп беру күніндегі күй бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған салықтық мөлшерлемелер негізінде міндеттеме өтелетін (және салық заңнамасы) есептік жылда қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында емес деп танылған баптарға қатысты пайдаға байланысты кейінге қалдырылған салықта пайданың немесе шығынның құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не болмаса басқа жиынтық табыстың құрамында, не болмаса тікелей капиталда танылады.

Егер ағымдағы салық активтерін және міндеттемелерін есепке жатқызудың заңды бекітілген құқығы бар болса, кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер бір-біріне қарсы есепке жатқызылады, және кейінге қалдырылған салықтар салық салынатын сол бір компанияға және салық органына жатқызылады.

## Капитал

### Жарғылық капитал

Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғаларға жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығындар өз капиталы құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы азайту ретінде көрініс табады. Алынған құралдардың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып кету сомасы эмиссиялық пайда ретінде көрініс табады.

### Резервтік капитал

Резервтік капитал Компания Акционерінің шешімі бойынша құрылады. Осы қор Акционерге бөлінбейді.

### Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есеп беру күнін қоса алғандағы мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана есеп беру күні капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат есептілікте ашылады, егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылған болса, сондай-ақ, ұсынылған немесе есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржы есептілігін шығаруға бекіту күніне дейін жарияланған болса.

### Есеп беру күнінен кейінгі оқиғалар

Қаржы есептілігін дайындау күні қолда болған шарттардың дәлелін білдіретін есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар (түзетуші оқиғалар), қаржы есептілігінде көрініс табады. Есептік жыл аяқталғаннан кейін орын алған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар есептіліктің ескертпелерінде ашылады, егер олар елеулі болса.

### Байланысты тараптармен жасасқан мәмілелер туралы ақпаратты ашу

Байланысты тараптар қамтиды Компанияның Акционерін, негізгі басқарушы қызметкерлерді және дауыс беретін акциялардың айтарлықтай үлесі Компанияның Акционеріне немесе негізгі басқарушы қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметімен бақыланатын ұйымдар (*Ескертпе № 26*).

### Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Экономикалық пайданы құрайтын ресурстардың сыртқа ағуы екіталай болатын жағдайларды қоспағанда шартты міндеттемелер қаржы есептілігінде танылмайды. Осындай міндеттемелер туралы деректер қаржы есептілігінің ескертпелерінде ашылады.

Шартты активтер қаржы есептілігінде көрініс таппайды. Егер осындай активтермен байланысты Экономикалық пайданы алудың жеткілікті ықтималдылығы бар болса, көрсетілген активтер туралы деректер ескертпелерде ашылады.

## 4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау бағалар мен жорамалдарды пайдалануды басшылықтан талап етеді, олар есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және қаржылық есептілікті дайындау күнінде шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға, сондай-ақ, есептілікті көрсетілген активтерге, міндеттемелерге, табыстарға, шығындарға және есептік кезеңдегі шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға әсер етеді. Ең маңызды жорамалдар төменде қарастырылады:

### *Салық салу*

Салық тәуекелдерін бағалау барысында басшылық Компания қарсы бола алмайтын немесе егер қосымша салықтар салық органдарымен есептелінетін болса, оңтайлы шағым түсіре ала аламын деп санамайтын салық заңнамасын сақтамауды ықтималды сала ретінде қарастырады. Бұндай анықтама маңызды пайымдаулар шығаруды талап етеді және салық талқылауымен өз шешімін күту бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікке тексеруді салық органдарымен жүзеге асырылатын нәтижені анықтау, салық заңнамасында және нормативтік-құқықтық актілерде өзгеру нәтижесінде өзгере алады.

Басшылық шаруашылық қызмет барысында салық заңнамасының маңызды бұзу жағдайлары болмады деп есептейді.

### *Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмашылықтармен және осындай шығындардың коммерциялық сипатымен негізделетін ықтималдылық болатын дәрежеде барлық резервтер мен көшірілген салық залалдарымен танылады. Басшылықтың маңызды пайымдаулары мерзімі ұзартылған салық бойынша активтерді бағалау үшін қажет етіледі, олар жоспарланатын деңгей және табыстылық уақыты, сондай-ақ, салықты жоспарлауда стратегияны оңтайлы пайдалану негізінде таныла алады.

### *Негізгі құралдарды және материалды емес активтерді пайдалы пайдалану мерзімдері*

Компания негізгі қаражаттарды пайдалы пайдаланудың қалған мерзімін қаржы жылдың соңында жылына кем дегенде бір рет бағалайды. Егер болжал өткен бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгеріс БЕХС 8 «Есеп саясаты, есеп бағалардағы өзгеріс және қателер» сәйкес есептік бағалаулардағы өзгеріс ретінде ескеріледі. Бұл бағалар негізгі қаражаттардың және материалды емес активтердің теңгерімдік құнына және жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген амортизациялауға шығатын шығындарға айтарлықтай әсер ете алады.

### *Бейқаржылық активтердің құнсыздануы*

Құнсыздану, егер ақша ағындарын генерациялайтын активтің немесе бөлімшенің теңгерімдік құны келесі көлемдердің ішінен: сатуға шыққан шығындарды шегергендегі әділ құны және пайдаланудан алынатын құндылық аса жоғары болып табылатын оның өтелетін құнын асыратын болса, орынға ие болады. Сатуға шыққан шығындарды шегергендегі әділ құнын есептеу ұқсас активтерді сатудың коммерциялық мәмілелерінің қолдағы міндетті күші бойынша қолдағы ақпаратқа немесе активті шегерумен байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегерудегі бақыланатын нарық құндарына негізделген. Пайдаланудан алынатын құндылықты есептеу дисконтталған ақша ағындарының модельдеріне негізделген.

Ақша ағындары келесі бес жылға бюджеттен шығарып алынады және құрылымын қайта қарау бойынша, өткізу бойынша Компанияда міндеттемелер немесе ақша ағынын генерациялайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтер нәтижелерін жақсартатын болашақта маңызды инвестициялар әлі де болмайтын қызметті өзіне қоспайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындар моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ, ақша қаражаттарының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсаттарында пайдаланылған өсу қарқынына аса сезімтал болып келеді.

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанға Компания бейқаржылық активтер құнсыздануының қандай да бір белгілері жоқ екендігін анықтады.

### *Әзірлеуге шығатын шығындар*

Әзірлеуге шығатын шығындар Компанияның есептік саясатына сәйкес капиталға айналады. Шығындардың бастапқы капиталға айналуы технологиялық және экономикалық жүзеге асушылық әдеттегідей, әзірлеу бойынша жоба жобаларды жүзеге асырудың белгіленген моделіне сәйкес

белгілі бір кезеңге жеткен кезде расталған жайындағы басшылық пайымдауларына негізделеді. Капиталға айналуы мүмкін болатын сомаларды анықтау үшін басшылық жобадан, қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінен және пайда алудың күтілетін мерзімінен күтілетін болашақ ақша ағындарға қатысты жорамалды қабылдайды. 2016 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірлеуге шыққан капиталға айналған шығындардың теңгерімдік құны 1,200 мың теңгені (2015 жыл: 0 теңгені) құрады (12-қосымша).

#### *Күмәнді берешектер бойынша резерв*

Компания күмәнді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервтерді мойындайды. Күмәнді борыштарды бағалау үшін Компания дебитордың өткен және болжамды белсенділік талдауына негізделетін пайымдауды қолданады. Экономикада, қызмет саласында және дебитор қызмет ететін шарттарда болатын жалпы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген дебиторлық берешектің құнсыздануына берілетін резервті түзетуді талап ете алады. Толық ақпарат 9-қосымшада көрсетілген.

#### *Қаржылық жалгерлік*

Компания қаржылық жалгерлік бойынша жалға алушы ретінде шарт жасады. Компания жалгерлік шарт бойынша меншік құқығы шарт аяқталғанда өтетінін және Компанияға меншік құқығымен байланысты барлық маңызды тәуекелдер мен пайдалар берілетіндігін, демек, Компания осы шартқа қаржылық жалгерлік шарттар үшін анықталған есептеу тәртібін қолданатындығын анықтады.

#### *«E-learning электронды оқыту жүйесі» жобасы бойынша активтерді және міндеттемелерді жіктеу*

2015 жылы 31 желтоқсанда Компания 4,774,712 мың теңге жалпы сомасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрілігінен дебиторлық берешекті қысқа мерзімі ретінде жіктеді, өйткені, Компания басшылығы осы берешекті есептелген күннен бастап, он екі айлық кезең ішінде өтейді деп күткен еді. Осы берешек 2016 жылда өтелді.

Осы жоба аясында жабдық пен қызметтерді жеткізу шартының шарттарына сәйкес Компаниямен жеткізушілерге төленетін төлем Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрілігінің дебиторлық берешегін өтегеннен кейін жүргізілетін болады. Осылайша, 4,324,392 мың теңге сомасындағы кредиторлық берешек қысқа мерзімді кредиторлық берешек ретінде жіктелген.

#### *Жалға алынатын жайды жақсарту бойынша шығындарды капиталға айналдыру*

2016 жылы Компаниямен жалға алынатын жайды жақсарту бойынша шығындар болмады. 2014 жылы Компания 59,955 мың теңге сомасында жалға алынатын жайды жақсарту бойынша шығындарды капиталға айналдырды. Жақсарту көрсету залын ұйымдастыруды және Open Space (ашық кеңістік) стандартымен холл жайын қайта конструкциялауды білдіреді. Осы шығындар болашақ кезеңдер шығындары болып танылды және капиталдандырылған жақсартудың тиімді қызмет ету мерзімінен және жалдаудың минималды мерзімінен ең аз уақыт ішінде амортизацияланады. Компания басшылығы осы активтерден экономикалық пайданы ықтималды алу жоғары әрі сенімді түрде бағаланған деп есептейді.

## 5. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2016 жыл 31 желтоқсандағы және 2015 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары келесі түрде көрсетілген:

|                                      | 2016          | 2015          |
|--------------------------------------|---------------|---------------|
| Ағымды банк шоттардағы ақша          | 77,632        | 85,247        |
| <b>Жиыны</b>                         | <b>77,632</b> | <b>85,247</b> |
|                                      | <b>2016</b>   | <b>2015</b>   |
| Валюта қимасындағы ақша қаражаттары: |               |               |
| Қазақстандық теңгеде                 | 24,980        | 25,491        |
| АҚШ долларында                       | 49,569        | 59,756        |
| Ресей рублінде                       | 3,083         | -             |
| <b>Жиыны</b>                         | <b>77,632</b> | <b>85,247</b> |

## 6. БАНК САЛЫМДАРЫ

|                           | 2016             | 2015             |
|---------------------------|------------------|------------------|
| Банктердегі салымдар      | 5,529,999        | 3,410,771        |
| Салымдар бойынша пайыздар | 12,839           | 34,633           |
| <b>Жиыны</b>              | <b>5,542,838</b> | <b>3,445,404</b> |

Банк салымдары теңгеде деноминацияланады және Компанияның қаша қаражаттарына деген қажеттілікке қарай әр түрлі мерзімдерге (үш айдан артық, бірақ бір жылдан аз) орналастырылады. Осындай депозиттерге 11,3% бастап, 15% жылдыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша сыйақы есептелінеді (2015 жылда: жылдық 9,1% сыйақының орташа өлшенген мөлшерлемесімен).

Қаржы табысы банк салымдары бойынша сыйақыны білдіреді.

## 7. БАСҚА АҒЫМДЫ АКТИВТЕР

2016 жыл 31 желтоқсандағы және 2015 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа қысқа мерзімді активтер келесі түрде көрсетілген:

|                               | 2016           | 2015           |
|-------------------------------|----------------|----------------|
| Болашақ кезеңдердегі шығындар | 333,624        | 202,722        |
| Қызметкерлердің берешегі      | 3,475          | 913            |
| Басқасы                       | 4,906          | 4,365          |
| <b>Жиыны</b>                  | <b>342,005</b> | <b>208,000</b> |

2016 жыл 31 желтоқсандағы және 2015 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болашақ кезеңдердегі шығындар 49,951 мың теңге және сәйкесінше 81,825 мың теңге сомасында құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін болашақ кезеңдердегі ұзақ мерзімді шығындардың ағымды бөлігінен тұрады.

### 8. БАСҚА АҒЫМДЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

|   | 2016          | 2015          |
|---|---------------|---------------|
| Шектеулі пайдаланумен депозиттік шоттардағы ақша қаражаттары, теңгеде | 98,311        | 34,570        |
| Кепілдік төлемдер   | 331           | 32,205        |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар                                      | -             | 549           |
| Басқасы   | 172           | 277           |
| <b>Жиыны</b>  | <b>98,814</b> | <b>67,601</b> |

Шектеулі пайдаланумен пайызсыз депозиттік шоттардағы ақша қаражаттары Компанияның шарттық және тендерлік міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге арналған банк кепілдіктерін білдіреді 2017 жылдың қаңтарында міндеттемелерді орындаумен байланысты банк кепілдіктері банкпен жойылған.

### 9. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2016 жыл 31 желтоқсандағы және 2015 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқы мерзімді сауда дебиторлық берешек келесі түрде көрсетілген:

|  | 2016          | 2015             |
|--|---------------|------------------|
| Сауда дебиторлық берешек                               | 62,080        | 4,911,925        |
| Күмәнді сауда берешек бойынша резерв                   | (603)         | (49,880)         |
| <b>Сауда неттосы және басқа дебиторлық берешек</b>     | <b>61,477</b> | <b>4,862,045</b> |
| Минус: дебиторлық берешектің ағымды бөлігі             | 62,080        | 4,862,129        |
| Минус: күмәнді берешек бойынша резервтің ағымды бөлігі | (603)         | (259)            |
|  | -             | 175              |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына сауда және басқа дебиторлық берешек бойынша пайыздар есептелінбеді. Сауда және басқа дебиторлық берешек 30-120 күн ішінде өтуге жатады.

2016 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан сауда дебиторлық берешек 26,594 мың теңгені (2015 - 4,900,613) құрады (№26-ескерту).

31 желтоқсанға аяқталған жылдағы күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

|   | 2016       | 2015          |
|---|------------|---------------|
| Кезең басындағы резервтер сальдосы        | 49,880     | 50,379        |
| Резервтер есебінен шығысқа шығарылды      | (49,608)   | (60)          |
| Түзетпе жасалды                           | (120)      | (501)         |
| Есептелген резервтер                      | 451        | 62            |
| <b>Кезең соңындағы резервтер сальдосы</b> | <b>603</b> | <b>49 880</b> |

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешек мерзімдері бойынша талдау:

|         | Барлығы   | Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған | Мерзімі өткен, бірақ, құнсызданбаған |           |           |            |           |
|---------|-----------|-------------------------------------|--------------------------------------|-----------|-----------|------------|-----------|
|         |           |                                     | <30 күн                              | 30-60 күн | 60-90 күн | 90-120 күн | >120 күн  |
| 2016 ж. | 61,477    | 56,827                              | -                                    | 2,699     | 892       | 575        | 484       |
| 2015 ж. | 4,862,045 | 85,277                              | -                                    | 1,349     | 377       | 332        | 4,774,710 |

Валюта қимасындағы қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек:

|                      | 2016          | 2015             |
|----------------------|---------------|------------------|
| Қазақстандық теңгеде | 61,477        | 4,849,676        |
| Ресей рублінде       | -             | 12,369           |
| Жиыны                | <u>61,477</u> | <u>4,862,045</u> |

#### 10. САУДА-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

|                               | 2016            | 2015            |
|-------------------------------|-----------------|-----------------|
| 31 желтоқсанға                |                 |                 |
